

## **Бөлім бойынша тест жинақтары**

### **I бөлім-Географиялық зерттеу әдістері**

#### **1-тақырып:География ғылымының салалары**

1.Географиялық қабықтың адамзат игерген бөлігі

- A) географиялық орта
- B) географиялық қабық
- C) игерілген орта
- D) физикалық қабық

2.Географиялық қабықтың құрылысы мен даму заңдылықтарын зерттейтін сала

- A) геоморфология
- B) жалпы физикалық география
- C) биогеография
- D) геоэкология

3.Жер бедерінің құрылысы,шығу тегі,даму тарихы,қазіргі өзгерістері мен таралу заңдылықтарын зерттейтін сала

- A) геоморфология
- B) гидрология
- C) климатология
- D) саяси география

4.Шаруашылықтың аумақтық ұйымдасу заңдылықтары мен құрылымын зерттейтін сала

- A) әлеуметтік география
- B) халық географиясы
- C) экономикалық география
- D) саяси география

5.Табиғатты пайдаланудың экологиялық аспектілерін,адам мен табиғаттың өзара әрекеттесуі мен экологиялық ахуалын зерттейтін сала

- A) геоглобалистика
- B) картография
- C) рекреациялық география
- D) геоэкология

6.Адамзаттың ғаламдық проблемалары мен оларды шешу жолдарын зерттейтін сала

- A) медициналық география
- B) геоглобалистика
- C) рекреациялық география
- D) әлеуметтік география

7.Жануарлар мен өсімдіктердің таралу заңдылықтарын,биоценоздарды зерттейтін сала

- A) биогеография
- B) геоморфология
- C) геоэкология
- D) тарихи география

8.Аумақтық рекреациялық жүйелердің қалыптасу заңдылықтарын,қызметті мен таралуын зерттейтін сала

- A) халық географиясы
- B) тарихи география
- C) рекреациялық география
- D) табиғат ресурстары географиясы

9.Қоршаған орта ерекшеліктерінің адам денсаулығы мен өмір сапасына ықпалын және аурулардың географиялық таралу заңдылықтарын зерттейтін сала

- A) медициналық география
- B) әлеуметтік география
- C) саяси география
- D) картография

10.Табиғи ресурстардың жеке түрлері мен аумақтық жиынтықтарының орналасуы мен құрылымын,оларды экономикалық бағалау мен тиімді пайдалану мәселелерін зерттейтін сала

- A) табиғат ресурстары географиясы
- B) физикалық география
- C) гидрология
- D) экономикалық география

|   |   |   |   |   |   |   |   |   |    |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|----|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| A | B | A | C | D | B | A | C | A | A  |

## 2-тақырып: Географиялық зерттеу әдістерінің түрлері

1. Белгілі бір маршруттар бойымен жүріп өту және сипаттаулар жасау, өлшеу жұмыстарын жүргізу барысында зерттеу нысаны туралы деректер жинақтау және өңдеу әдістері

- A) далалық әдістер
- B) картографиялық әдістер
- C) теориялық әдістер
- D) салыстырмалы әдістер

2. Далалық зерттеу әдістерінің бөлінуі

- A) экспедициялық және стационарлық
- B) салыстырмалы және анықтамалық
- C) бірөлшемді және көпөлшемді
- D) картографиялық және математикалық

3. Тұрақты түрде ұдайы зерттеу нысанының жай-күйінің өзгерістері туралы деректер жинау, жинақталған деректерді өңдеу арқылы болжамдар жасау

- A) стационарлық
- B) сараптамалық
- C) экспедициялық
- D) болжамдық

4. Жұмысы алдын ала бекітілген жоспар мен маршрут бойынша ұйымдастырылатын әдіс

- A) стационарлық
- B) экспедициялық
- C) математикалық
- D) сапалық

5. Қазақстанның Антарктидаға алғашқы экспедициясы болған жыл

- A) 2012ж
- B) 2011ж
- C) 2000ж
- D) 2015ж

6. Картаны дереккөз ретінде, яғни онда бейнеленген нысандар, құбылыстар мен үдерістерді жаңа білім алу үшін пайдалану әдісі

- A) теориялық
- B) модельдеу
- C) картографиялық
- D) стационарлық

7. Нсыандар мен құбылыстардың таралуын талдау әдісі

- A) графикалық талдау
- B) картометриялық талдау
- C) визуалды талдау
- D) статистикалық талдау

8. Карталардан алынаған деректерді сандық түрде бағалау әдісі

- A) статистикалық талдау
- B) визуалды талдау
- C) графикалық талдау
- D) математикалық талдау

9. Карта деректерін кеңістік профильдер жасауда пайдалану әдісі

- A) статистикалық талдау
- B) визуалды талдау
- C) графикалық талдау
- D) математикалық талдау

10. Карта бойынша арақашықтықтарды, координаталарды, биіктіктер мен тереңдіктерді, бағыттарды анықтау әдісі

- A) картометриялық талдау
- B) визуалды талдау
- C) статистикалық талдау
- D) математикалық талдау

11. Әртүрлі карталардағы құбылыстарды салыстырып, олардың байланыстарын анықтау, ауаның ластану қаратсы мен тыныс жолдары ауруларының деңгейі берліген картаны талдау әдісі

- A) статистикалық
- B) стационарлық
- C) картографиялық
- D) картометриялық

12.Зерттелетін нысанды танып білу мақсатында ой әрекетіне негізделген әдістер жиынтығы

- A) жүйелеу
- B) теориялық
- C) жалпылау
- D) салыстырмалы-географиялық

13.Зерттелетін географиялық нысанды немесе құбылысты құрамдас бөліктерге ойша жіктеп алып,оның құрылымын,қасиеттерін,байланыстарын зерттеуге бағытталған әдіс

- A) жүйелеу
- B) жалпылау
- C) теориялық
- D) статистикалық

14.Зерттелетін географиялық нысанның немесе құбылыстың құрамдас бөліктерін,олардың қасиеттерін,байланыстарын ойша біріктіру арқылы осы нысанды біртұтас түрде танып білу әдісі

- A) жалпыдау
- B) жүйелеу
- C) салыстыру
- D) бағалау

15.Геродот,Страбон,Аристотель еңбектерінде қолданылған,ғылыми тұрғыда негізін неміс ғалым,әйгілі саяхатшы А.Гумбольдт қалаған әдіс

- A) модельдеу
- B) салыстырмалы-географиялық
- C) теориялық
- D) сатистикалық

16.Белгілі бір ортақ қасиеті бар нысандарды салыстыру әдісі

- A) теориялық
- B) модельдеу
- C) салыстырмалы-географиялық
- D) картографиялық

17.зерттеу нысаны оның көшірмесімен алмастырылатын әдіс

- A) салыстырмалы-географиялық
- B) модельдеу
- C) бағалау
- D) теориялық

18. Гималай және Альпі тауларындағы мұздықтардың түрлерін салыстыру барысында қолданылатын әдіс

- A) салыстырмалы-географиялық
- B) теориялық
- C) стационарлық
- D) статистикалық

19. Мысалы, Қазақстан облыстарындағы 2016 жылғы халық санын салыстыру кезінде қолданылатын әдіс

- A) картографиялық
- B) модельдеу
- C) салыстырмалы-географиялық
- D) статистикалық

20. Нысанды немесе құбылысты әртүрлі уақыт кезеңдерінде салыстыру кезінде қолданылатын әдіс

- A) теориялық
- B) модельдеу
- C) математикалық
- D) салыстырмалы-географиялық

|   |   |   |   |   |   |   |   |   |    |    |    |    |    |    |    |    |    |    |    |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|----|----|----|----|----|----|----|----|----|----|----|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 | 18 | 19 | 20 |
| A | A | A | B | B | C | C | D | C | A  | A  | B  | A  | A  | B  | C  | B  | A  | C  | D  |

**3-тақырып: Географиялық деректерді өңдеу және талдау**

**4-тақырып: Географиялық модельдер**

1. Географиялық деректер түрлері

- A) жаңа және ескі
- B) сандық және сапалық
- C) бағалы және арзан
- D) математикалық және базалық

2. Географиялық нысандарды, үдерістер мен құбылыстарды дәл сипаттап, олардың өлшемдері, ауқымдары, мерзімдері туралы нақты мәлімет беретін деректер

- A) сандық
- B) сапалық
- C) бағалық
- D) өлшемдік

3. Зерттелетін нысанның сипаттамасы жасалып, түсіндірме берілетін деректер

- A) сапалық
- B) сандық
- C) графикалық
- D) бағалық

4. Нақты нысанның, құбылыс немесе үдерістің жеңілдетілген үлгісі

- A) глобус
- B) модель
- C) ақпарат
- D) карта

5. Географиядағы ғылыми негіздегі алғашқы модельді 1826 жылы жасаған кім

- A) Сергей Лазарев
- B) Джзуппе Верди
- C) Аристотель
- D) Иоганн Генрих фон Тюнен

6. Географиядағы ең алғашқы «Оқшау мемлекет» моделі жасалған ел

- A) Франция
- B) Германия
- C) Швеция
- D) Норвегия

7. Нысан, құбылыс, үдеріс туралы жазбаша немесе ауызша түрде сипаттама беретін модель түрі

- A) кестелік модель
- B) графикалық модель
- C) вербальді модель
- D) сандық модель

8.Нысандар,құбылыстар немесе үдерістерді графикалық бейнелер түрінде көрнекі түрде көрсету тәсілі

- A) вербальды модель
- B) графикалық модель
- C) кестелік модель
- D) сандық модель

9.Нысандар,құбылыстар,үдерістер немесе олардың қасиеттері тізім түрінде,ал олардың шамалары ұяшықтарға орналастырылатын тікбұрышты кесте түрінде болады.Бұл ммодель

- A) Кестелік модель
- B) графикалық модель
- C) сандық модель
- D) вербальды модель

10.Нысанның,құбылыстың,үдерістің зат түріндегі нақты пішіні беріледі.Бұл модель

- A) заттық
- B) сандық
- C) сапалық
- D) гарфикалық

11.Нысан,құбылыс немесе үдерістің қасиеттері мен күйін,маңызды байланыстарын сипаттайтын ақпараттаржинақталады.Бұл модель

- A) ақпараттық
- B) заттық
- C) сандық
- D) сапалық

12.Нысанның,құбылыс немесе үдерістің сандық сипаттамалары математикалық формулалар арқылы жасалатын модель түрі

- A) ақпараттық
- B) заттық
- C) графикалық
- D) математикалық

|   |   |   |   |   |   |   |   |   |    |    |    |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|----|----|----|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 |
| B | A | A | A | D | B | C | B | A | A  | A  | D  |

## **5-тақырып:Зерттеу нәтижелерін ұсыну формалары**

1.Ғылыми есеп,баяндама,мақала,реферат түрінде орындалатын зерттеу түрі

- A) мәтіндік
- B) көрнекілік
- C) есептік
- D) тақырыптық

2.Зерттеу нәтижелерін ұсыну формалары қалай бөлінеді

- A) мәтіндік,көрнекілік
- B) есептік,графикалық
- C) тақырыптық,базалық
- D) сандық,сапалық

3.Зерттеудің әдістері,кезеңдері,мазмұны мен нәтижелері баяндалатын құжат түрінде рәсімделеді

- A) баяндама
- B) ғылыми есеп
- C) мақала
- D) графика

4.Зерттеу нәтижесін белгілі бір ғылыми іс-шара кезінде ауыпша айтып беру

- A) баяндама
- B) ғылыми есеп
- C) реферат
- D) мақала

5.Ғылыми немесе бұқаралық баспасөз үшін жазылады

- A) мақала
- B) баяндама
- C) реферат
- D) ғылыми есеп

6.Зерттеу нәтижелерін қысқаша түрде баяндау,әдебиеттерге шолу жасау

- A) мақала
- B) баяндама
- C) ғылыми есеп
- D) реферат

7.Модельдер,электрондық және қағаз түріндегі таныстырылым,қабырғалық баяндама жататын зерттеу түрі

- A) мақала
- B) мәтіндік
- C) көрнекілік
- D) ғылыми есеп

8.Зерттеудің нәтижесін ауызша баяндауды қажет етпейтін,тек көрнекі және қысқа түрде көпшілік назарына көрсету тәсілі

- A) қабырғалық баяндама
- B) электрондық таныстырылым
- C) қағаз түріндегі таныстырылым
- D) таныстырылым

9.Қабылдауға жеңіл болуы үшін ұзақ сөйлемдер,түсіндірулерберілмейтін,таныстырылым дайындауда шрифт көлеміне,түстерді таңдауға,арнайы эффектілер(анимация) қолдануға көңіл бөлінетін зерттеу түрі

- A) қағаз түріндегі таныстырылым
- B) электрондық таныстырылым
- C) қабырғалық баяндама
- D) ғылыми есеп

10.Көпшілікке таратылып беріледі немесе көрнекі плакаттар түрінде қабырғаға ілінеді

- A) қағаз түріндегі таныстырылым
- B) электрондық таныстырылым
- C) қабырғалық баяндама
- D) ғылыми есеп

|   |   |   |   |   |   |   |   |   |    |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|----|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| A | A | B | A | A | D | C | A | B | A  |

## II-бөлім:Картография және Географиялық деректер базасы

**6 тақырып:Тақырыптық карталар және оларды қосымша сипаттайтын элементтер**

## 7-тақырып:Тақырыптық карталарды оқу және тақырыптық географиялық номенклатура

1.Математикалық тәсілмен анықталып,кішірейтілген және жинақталған Жер бетінің немесе басқа аспан денелері мен ғаламшарлардың беткі пішінін жазықтық бетіне көшірілген нақты көрінісі

- A) географиялық карта
- B) глобус
- C) графикалық сызба
- D) электронды сызба

*1,2.Географиялық карталардың бөліну түрлерін жазыңыз*

*Мазмұныны  
қарай* \_\_\_\_\_

*Қамтитын аумағын  
қарай* \_\_\_\_\_

*Масштабына  
қарай* \_\_\_\_\_

2.Жер эллипсоидін белгілі бір математикалық тәсілмен жазықтық бетіне көшіру

- A) картографиялық проекция
- B) тақырыптық карта
- C) географиялық карта
- D) климаттық карта

3.Белгілі бір тақырыпқа арналған немесе бірнеше тақырыпты кіріктіретін карта

- A) картографиялық карта
- B) тақырыптық карта
- C) географиялық карта
- D) климаттық карта

4.Кесінделетін аумақты қандай да бір сапалық белгісіне қарай жеке бөліктерге бөлгенде қолданылатын әдіс

- A) изосызықтар әдісі
- B) сапалық түс әдісі
- C) қозғалыс сызықтары әдісі
- D) ғылыми есеп әдісі

5. Жалпы географиялық карталарда да, тақырыптық карталарда да қолданылатын, жер бетіндегі қандай да бір құбылысты сипаттай алатын және мөлшерлік мәні бірдей нүктелерді қосатын қисық сызықтар

- A) сапалық түс әдісі
- B) изосызықтар әдісі
- C) қозғалыс сызықтары әдісі
- D) ғылыми есеп әдісі


6. Картада бағыттың ауысуы, теміржол, тасжол және басқа жолдармен жүктің тасу бағыты, теңіз және әуе қатынас жолдарының бағыттары берілетін әдіс

- A) сапалық түс әдісі
- B) изосызықтар әдісі
- C) қозғалыс сызықтары әдісі
- D) ғылыми есеп әдісі

7. Карта жасау барысында оның мазмұны мен картада берілетін нысандардың, құбылыстардың ішіндегі ең негізгі түрлерін таңдап алу қызметін қалай деп атайды


- A) картографиялық жинақтау
- B) ғылыми жинақтау
- C) проекциялық жинақтау
- D) аудандық жинақтау

8. Суретте көрсетілген әдіс



- A) қозғалыс сызықтары әдісі
- B) изосызықтар әдісі
- C) сапалық түс әдісі
- D) ғылыми есеп әдісі

9. Суретте көрсетілген әдіс



- A) сапалық түс әдісі
- B) изосызықтар әдісі
- C) ғылыми есеп әдісі
- D) қозғалыс сызықтары әдісі

10. Суретте көрсетілген әдіс



- A) сапалық түс әдісі
- B) ғылыми есеп әдісі
- C) қозғалыс сызықтары әдісі
- D) ғылыми есеп әдісі

11.Еуразия материгінің солтүстік шеткі нүктесі

- A) Челюскин
- B) Пиай
- C) Дежнев
- D) Рока

12.Еуразия материгінің батыс шеткі нүктесі

- A) Челюскин
- B) Пиай
- C) Дежнев
- D) Рока

13.Еуразия материгінің шығыс шеткі нүктесі

- A) Челюскин
- B) Пиай
- C) Дежнев
- D) Рока

14.Еуразия материгінің оңтүстік шеткі нүктесі

- A) Челюскин
- B) Пиай
- C) Дежнев
- D) Рока

15.Еуразия материгінің жалпы ауданы

- A) 54,2 млн км<sup>2</sup>
- B) 65,9 млн км<sup>2</sup>
- C) 25,8 млн км<sup>2</sup>
- D) 48,5 млн км<sup>2</sup>

|   |   |   |   |   |   |   |   |   |    |    |    |    |    |    |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|----|----|----|----|----|----|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 |
| A | A | B | B | B | C | A | C | B | C  | A  | D  | C  | B  | B  |

*1,2.Мазмұнына қарай-жалпы географиялық немесе физикалық,тақырыптық,арнаулы және кешендік карталар*

*Қамтитын аумағын ақарай-дүниежүзілік,материктік,мұхиттық,дүние бөліктері,материк бөліктері,жсекелеген елдер,елдер бөліктері,аймақтық және жергілікті жер карталары*

*Масштабына қарай-ірі масштабты немесе топографиялық карталар, орта масштабты және ұсақ масштабты карталар*

### Географиялық деректер базасы

#### **8-тақырып: Географиялық деректер базасын қалыптастыруда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың рөлі**

1. Геоақпараттық картографиялау қалыптасқан уақыт

- A) XXғ
- B) XIXғ
- C) XXIғ
- D) XVIIIғ

2. Географиялық нысандардың кеңістіктегі орны туралы сандық мәліметтердің жиынтығы

- A) Виртуалды картографиялау
- B) Географиялық мәліметтер базасы
- C) Географиялық проекциялау
- D) Географиялық есептер базасы

3. Компьютерлік технологияның көмегімен қашықтықтан зондтау және мультимедиа мәліметтерін пайдалан отырып, географиялық бейнелеудің имитациялық моделін құрастыру

- A) Виртуалды картографиялау
- B) Географиялық деректер базасы
- C) Географиялық проекциялау
- D) Географиялық есептер базасы

4. ГАЖ-дың базасы қалай бөлінеді

- A) графикалық, тақырыптық
- B) сандық, сапалық
- C) есептік, базалық
- D) карталық, ақпараттық

5. Геоақпараттық жүйе технологиясы базасында жасалынатын ірі масштабты жалпы географиялық, тақырыптық және арнаулы карталар түрінде жинақталатын карталар

- A) үш өлшемді компьютерлік модельдер
- B) қазіргі электронды карталар
- C) анимациялық кескіндер
- D) есептік карталар

6.Компьютерлік бағдарлама көмегімен табиғаттағы құбылыстар мен кейбір жүйелердің абстрактілі үлгісін шынайы пішінде көрсету

- A) қазіргі электронды карталар
- B) анимациялық кескіндер
- C) үш өлшемді компьютерлік карталар
- D) есептік карталар

7.Қимыл-қозғалыс көмегімен табиғаттағы түрлі құбылыстарды бір үлгі деңгейінде түрліше ақпарат көмегімен замануи картографиялық анимациялық туындыларға айналдыру

- A) қазіргі электронды карталар
- B) анимациялық кескіндер
- C) есептік карталар
- D) үш өлшемді компьютерлік карталар

8.Анаморфоз сипатында жасалынған карталардың саны

- A) 800-ге жуық
- B) 5500-ге жуық
- C) 900-ге жуық
- D) 1000-ға жуық

9.Анаморфоз сипатында жасалынған карталардың басым көпшілігін жасаған ел (Шеффилд,Мичиган университеттері ғалымдары жасаған)

- A) Қытай
- B) Жапония
- C) Германия
- D) АҚШ

10.GPS қай елдің Қорғаныс министрлігі тапсырысымен құрастырылып,қолданысқа енгізілген

- A) АҚШ
- B) Ресей
- C) Жапония
- D) Қытай


11.Ең алғаш 1982 жылы 12 қазанда орбитаға шығарылған ГЛОНАСС навигациялық жерсеріктік жүйе қай елге тиесілі

- A) Германия
- B) Ресей
- C) АҚШ
- D) Франция

12.Қазақстан ғалымдары ғарышты игеру мақсатында орбита кеңістігіне шығарған Жер серік

- A) ҚазСат
- B) ҚазақСат
- C) KZ-91
- D) KZ-25

13.Суретте көрсетілген кескін түрі




- A) қазіргі электронды карталар
- B) үш өлшемді компьютерлік модельдер
- C) анимациялық кескін
- D) сандық карта

14.Суретте көрсетілген карта



- A) есептік карта
- B) анимациялық кескін
- C) үш өлшемді компьютердік модель
- D) қазіргі электронды карта

15. Суретте көрсетілген модель



- A) үш өлшемді компьютерлік модель
- B) есептік карта
- C) анимациялық кескін
- D) қазіргі электронды карта

|   |   |   |   |   |   |   |   |   |    |    |    |    |    |    |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|----|----|----|----|----|----|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 |
| A | B | A | A | B | C | B | C | D | A  | B  | A  | C  | D  | A  |

### III-бөлім Физикалық география

#### Литосфера

**9-тақырып: Жер бедерінің қалыптасу және таралу заңдылықтар. Жер бедерінің жіктелуі. Материктер мен мұхиттардың ірі орографиялық элементтері**

1. Жер бедерінің барлық пішіндерінің қалыптасуына әсер етуші күштердің жіктелуі

- A) күшті, әлсіз
- B) ішкі, сыртқы
- C) сандық, сапалық
- D) мұхиттық, материктік

2. Жер қыртысының қатпарлану кезінде біртұтас жоғары көтерілген бөлігі

- A) антиклиналь
- B) синклиналь
- C) моноклиналь
- D) эпицентр

3. Жер қыртысының майысып төмен түскен бөлігі

- A) антиклиналь
- B) синклиналь
- C) моноклиналь
- D) эпицентр

4. Жер қыртысының беткі тегіс болып көтерілген бөлігі

- A) антиклиналь
- B) синклиналь
- C) моноклиналь
- D) эпицентр


5. Қатпарлану жүру барысындағы спрединг бұл

- A) ендік бағытта қашықтау
- B) ендік бағытта жақындау
- C) қарама-қарсы бағытта ығысу
- D) көлденең бағытта ажырау

6. Қатпарлану жүру барысында субдукция бұл

- A) ендік бағытта қашықтау
- B) ендік бағытта жақындау
- C) қарама-қарсы бағытта ығысу
- D) тік бағытта жақындау

7. Суретте көрсетілген қозғалыс түрі




- A) моносинклиналь
- B) спрединг
- C) субдукция
- D) ығысу

8. Суретте көрсетілген қозғалыс түрі



- A) синклиналь
- B) спрединг
- C) субдукция
- D) ығысу

9. Суретте көрсетілген қозғалыс түрі



- A) антиклиналь
- B) спрединг
- C) субдукция
- D) ығысу

10. Тік қозғалатын белсенді тектоникалық қозғалыстар әсерінен тау құрылымдарын қалыптастыратын геологиялық үдеріс

- A) тау жасалуы
- B) тенрбелмелі қозғалыстар
- C) физикалық үгілу
- D) химиялық үгілу

11. Жер қыртысының бір бөлігінің жоғары, екінші бөлігінің төмен түсуіне ықпал жасайтын баяу қозғалыстар

- A) тау жасалу
- B) тербелмелі қозғалыстар
- C) физикалық үгілу
- D) химиялық үгілу

12. Тау жыныстары минерлады құрамның өзгеріске ұшырамастан бұзылуы

- A) тау жасалу
- B) тербелмелі қозғалыстар
- C) физикалық үгілу
- D) химиялық үгілу

13. Тау жыныстарының маңызды химиялық биогендік биохимиялық реакциялар әсерінен бұзылуы

- A) тау жасалу
- B) тербелмелі қозғалыстар
- C) физикалық үгілу
- D) химиялық үгілу

14. Арктика, Антарктика жерлері, биік таулар, шөл мен шөлейттің аридтік аймақтарына тән процесс

- A) тау жасалу
- B) тербелмелі қозғалыстар
- C) физикалық үгілу
- D) химиялық үгілу

15. Сыртқы күштің ең басты әрекеті

- A) үгілу
- B) түзілу
- C) құралу
- D) пайда болу

16. Үгілу әрекеті нәтижесінде тау жыныстарының химиялық құрамы өзгеріске ұшырамаса, ол-

- A) физикалық үгілу
- B) химиялық үгілу

- C) минералды үгілу
- D) өздігінен үгілу

17. Минералдық құрамы өзгеріске ұшырай отырып үгітілсе, ол-

- A) физикалық үгілу
- B) химиялық үгілу
- C) минералды үгілу
- D) өздігінен үгілу

18. Күн мен түннің температуралық айырмашылығы күшті байқалатын аудандарда үгілу әсерінен қиыршықтасты қорымдардың ірі орталықтары пайда болады. Мұндай құбылыстар тән аймақтар

- A) поляр маңы аймақтары, биік таулы жерлер, Сахара
- B) арктика маңы, жазық жерлер, Гренландия
- C) қоңыржай белдеулер, таулы аймақтар, Бискай шығанағы
- D) экваторлық аймақ, таулы аймақ, Аден шығанағы

19. Жылын 50 см жылдамдықпен тау беткейі арқылы жылжып отыратын «тас өзендер» деп аталатын географиялық нысан

- A) жазық
- B) қорым
- C) бедленд
- D) қырат

20. Үгілу өнімдері мен бор жыныстарын тасымалдау арқылы жер бедерін өзгертуде маңызды рөл атқарады

- A) жел
- B) су
- C) жауын-шашын
- D) қар

21. Жинақталған бос жыныстар өзен ағысының қатты болуына байланысты өте тез шайылып, жылдам тасымалдану жолымен түзілген жер бедері

- A) морена
- B) бедленд
- C) карст
- D) қырат

22. Бедлендтердің көп тараған аудандары

- A) Үндістан түбектерінің тауалды аймақтары, АҚШ жеріндегі Ұлы жазықтар
- B) Сахара шөлі маңы, Мексика жеріндегі Юкатан түбегі
- C) Гренландия аралы батысы, Норвег теңізі жағалауы
- D) Апенин түбегі маңы, Ніл өзені аңғары

23. Қазақстанның қай аумағының қалыптасуы бедлендік қалыптасумен тығыз байланысты

- A) Тянь-Шань таулары
- B) Сарыарқа
- C) Шарын каньоны
- D) Балқаш көлі маңы

24. Мұздықтармен өңделіп, тасымалданған жыныстар

- A) бедленд
- B) альпілік
- C) морена
- D) съерра

25. Мұздықпен өңделген тау жоталары үшкір шыңды, беткейлері тік, терең шатқалды болып келетін жер бедері

- A) бедленд
- B) альпілік
- C) морена
- D) съерра

26. Тау жыныстарының суда еруі

- A) бедленд
- B) карст
- C) морена
- D) съерра

27. Карст пішіндердің ішінде ең көп тарағаны

- A) таулар
- B) жанартаулар
- C) үңгірлер
- D) жазықтар

28. Жер шарындағы ең ұзын үңгір

- A) Аппалачтағы Флинт-Мамонт үңгірі, ұзындығы 587 км
- B) Андағы Монблан, ұзындығы 645 км
- C) Кавказдағы Клубери-Воронья үңгірі, ұзындығы 965 км
- D) Гималайдағы Эверест, ұзындығы 8848 км

29. Жер шарындағы ең терең үңгір, тереңдігі 2256 м

- A) Кавказдағы Клубери-Воронья
- B) Аппалачтағы Хабборт
- C) Кордильердегі Денали
- D) Аппалачтағы Аконкагуа

30. Қазақстандағы көптеген карст пішіндері дамыған аймақтар

- A) Жетісу Алатауында, Балқаш маңында, Тұран жазығында
- B) Сарыарқа аймағында, Алтай тауында, Торғай қақпасында
- C) Қаратау жотасында, Маңғытауда, Үстірт жазықтарында
- D) Сауыр-Тарбағатайда, Мұғалжарда, Шарын коньонында

31,2. Жер шары бойынша карст нәтижесінде қалыптасқан жер бедері пішіндері кең таралған аймақтар

|    |    |    |    |    |    |    |    |    |    |    |    |    |    |    |
|----|----|----|----|----|----|----|----|----|----|----|----|----|----|----|
| 1  | 2  | 3  | 4  | 5  | 6  | 7  | 8  | 9  | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 |
| B  | A  | B  | C  | A  | B  | D  | C  | B  | A  | B  | C  | D  | C  | A  |
| 16 | 17 | 18 | 19 | 20 | 21 | 22 | 23 | 24 | 25 | 26 | 27 | 28 | 29 | 30 |
| A  | B  | A  | B  | A  | B  | A  | C  | C  | B  | B  | C  | A  | A  | A  |

31,2. Балқан және Кіші Азия түбектері мен Оңтүстік-Шығыс Қытай жерінде, Аппалач тау жүйесінде кең тараған

**10-тақырып: Тау жыныстары мен минералдардың жіктелуі. Пайдалы қазбалардың, тау жыныстары мен минералдардың қалыптасу заңдылықтарына байланысты таралуы**

1. Жер қыртысын құрайтын әртүрлі агрегаттық күйдегі минералдар жиынтығының тұрақты құрамы

- A) тау жыныстары
- B) жер бедері
- C) қозғалмалы аумақтар
- D) геосинклиналь

2.Магмалық тау жыныстарының жер қыртысының белгілі бір тереңдігінде қалып қойған бөлігі

- A) эффузивті
- B) интрузивті
- C) биологиялық
- D) химиялық

3.Магмалық тау жыныстарының лава түрінде жер бетіне шыққан,құрамындағы бу мен газдан ажыраған бөлігі

- A) эффузивті
- B) интрузивті
- C) биологиялық
- D) химиялық

4.Интрузивті және эффузивті жолмен қалыптасқан тау жыныстары

- A) шөгінді
- B) метаморфты
- C) магмалық
- D) химиялық

5.Физикалық,химиялық және биологиялық жолмен қалыптасқан тау жыныстары

- A) шөгінді
- B) метаморфты
- C) магмалық
- D) химиялық

6.Магмалық және шөгінділік жолмен пайда болған тау жыныстары температура мен қысым әсерінен қай балқиды,бұл тау жыныстары

- A) шөгінді
- B) метаморфты
- C) магмалық
- D) химиялық

7.Интрузивті жыныстарға жатады

- A) гранит,құмтас
- B) құм,глаубер
- C) мұнай,тас көмір
- D) гранит габбро

8.Кейде «Жанартаулық жыныстар» деп атайтын жыныстар

- A) интрузивті
- B) эффузивті
- C) метаморфты
- D) шөгінді

9.Магмалық тау жыныстары жер қыртысының қаншаға жуық пайызын құрайды

- A) 60%
- B) 75%
- C) 55%
- D) 50%

10.Шөгінді жыныстар жер қыртысы массасының қанша пайызын құрайды

- A) 10%
- B) 15%
- C) 25%
- D) 30%

11.Шөгінді жыныстар жер бетінің қанша пайызын жауып жатыр

- A) 85%
- B) 75%
- C) 65%
- D) 50%

12.Шөгінді жыныстардың қалыптасқан орнына қарай бөлінуі

- A) континенттік және теңіздік
- B) мұхиттық және теңіздік
- C) материктік және тауаралық
- D) тауаралық және жазықтық

13. Жер шарындағы пайдалы қазбалардың  $\frac{3}{4}$  бөлігінің қалыптасуы қандай тау жыныстарымен байланысты

- A) магмалық
- B) метаморфты
- C) шөгінді
- D) химиялық

14. Жер қыртысындағы түрлі әрекеттер әсерінен пайда болатын табиғи химиялық қосылыстардың жиынтығы

- A) минералдар
- B) тау жыныстары
- C) кристалдар
- D) бедлендтер

15. Жер қыртысында түзілетін минералдардың табиғи кешені

- A) минералдар
- B) тау жыныстары
- C) кристалдар
- D) бедлендтер

16. Атомдар мен молекулалары белгілі бір геометриялық тәртіппен орналасқан, тура геометриялық пішіндегі қатты денелер

- A) минералдар
- B) тау жыныстары
- C) кристалдар
- D) бедлендтер

17. Гранит қайта кристалданып қандай затқа айналады

- A) гнейске
- B) кварцитке
- C) мәрмәрға
- D) кальцитке

18. Құмтас қайта кристалданып қандай затқа айналады

- A) гнейске
- B) кварцитке
- C) мәрмәрға
- D) кальцитке

19.Әктас қайта кристалданып қандай затқа айналады

- A) гнейске
- B) кварцитке
- C) мәрмәрға
- D) кальцитке

20.Табиғатта минералдардың қанша түрі белгілі

- A) 3000-нан астам
- B) 4500-ден астам
- C) 5000-нан астам
- D) 2000-нан астам

21.Галогенді қослысыты белгілеңіз

- A) кварц,халцедон
- B) галит,карналит
- C) гипс,барит
- D) фосфорит,аппатит

22.Сульфаттарды белгілеңіз

- A) гранат,берилл
- B) фосфорит,аппатит
- C) гипс,барит
- D) доломит,малахит

23.Карбонаттарды белгілеңіз

- A) доломит,азурит
- B) кварц,халцедон
- C) галенит,пирит
- D) вольфрамит,шеелит

24.Тотықтар мен гидрототықтарды белгілеңіз

- A) халцедон,хромит
- B) фосфорит,аппатит
- C) алтын,платина
- D) карналит,флюорит

25.Сульфидтерді белгілеңіз

- A) вольфрамит,графит
- B) барит,шеелит
- C) кальцит,гипс
- D) пирит,галенит

|   |   |   |   |   |   |   |   |   |   |   |   |   |   |   |   |   |   |   |   |   |   |   |   |   |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 |
|   |   |   |   |   |   |   |   |   | 0 | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 0 | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| A | B | A | C | A | B | D | B | A | A | B | A | C | A | B | C | A | B | C | A | B | C | A | A | D |

### 11-тақырып:Тау жыныстары мен минералдардың қасиеттері

1.Мнералдың қаттылығын сызық түсіру арқылы анықтайтын эталондық минералдар жиынтығы

- A) Моос шкаласы
- B) Минералдар шкаласы
- C) Қаттылық шкаласы
- D) Эталондық шкаласы

2.Түрі мен түсі тұрақты минерал

- A) малахит
- B) пирит
- C) темір
- D) алтын

3.Сыртқы күштердің механикалық әсеріне минералдардың төтеп беру дәрежесі

- A) қаттылық
- B) төзімділік
- C) ерігіштік
- D) қорғаныштық

4.Неміс ғалымы Моостың ұсынысы бойынша салыстырмалы қаттылықты анықтау үшін эталондық үлгі ретінде таңдап алынған минералдар саны

- A) 25
- B) 15
- C) 10
- D) 29

5.Моос шкаласындағы минералдардың ішіндегі ең жұмасағы

- A) бірінші
- B) екінші
- C) оныншы
- D) сегізінші

6.Моос шкаласы бойынша минералдардың ішіндегі ең қаттысы

- A) бірінші
- B) үшінші
- C) оныншы
- D) сегізінші

7.Минералдың қаттылығын анықтау үшін қолданылатын қарындаштың ұшының қаттылығы нешеге тең

- A) 2
- B) 5
- C) 6
- D) 1

8.Минералдық қаттылығын анықтау үшін қолданылатын тырнақ ізінің қаттылығы нешеге тең

- A) 2-2,5
- B) 3-3,5
- C) 4-4,6
- D) 7-7,8

9.Минералдың қаттылығын анықтау үшін қолданылатын мыс (бақыр) тиын ақшаның қаттылығы нешеге тең

- A) 4,5-5
- B) 3,5-4
- C) 6,5-7
- D) 8,5-9

10.Минералдың қаттылығын анықтау үшін қолданылатын шынының қаттылығы нешеге тең

- A) 7
- B) 5
- C) 8
- D) 10

11. Минералдың қаттылығын анықтау үшін қолданылатын пышақтың ізінің қаттылығы нешеге тең

- A) 7
- B) 8
- C) 6
- D) 9

|   |   |   |   |   |   |   |   |   |    |    |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|----|----|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 |
| A | A | A | C | A | C | D | A | B | B  | C  |

**12-тақырып: Тау жыныстарының жасын анықтау. Геологиялық жыл санау мен геохронологиялық кесте**

1. Кез-келген тау жынысының пайда болған кезеңнен бергі геологиялық уақыт

- A) абсолюттік жасы
- B) салыстырмалы жасы
- C) белгілі жасы
- D) анықталған жасы

2. Тау жыныстарының қайсысы бұрын, қайсысы кейін түзілгенін ажыратып, өзара салыстыру

- A) абсолюттік жасы
- B) салыстырмалы жасы
- C) белгілі жасы
- D) анықталған жасы

3. Жер шарының әртүрлі бөліктеріндегі құрамында уран мен қорғасын бар тау жыныстарын химиялық зерттеу арқылы олардың қандай жасын анықтайды

- A) абсолюттік (радиометриялық) жасы
- B) салыстырмалы жасы
- C) белгілі жасы
- D) анықталған жасы

4. Қазіргі ғылыми деректер бойынша Жер ғаламшары шамамен бұдан қанша жыл бұрын пайда болды

- A) 7 млрд
- B) 8 млрд

- C) 5 млрд
- D) 6 млрд

5. Жер қыртысының қалыптасуына кеткен уақыт

- A) 4,5 млрд
- B) 3,5 млрд
- C) 1,5 млрд
- D) 2,5 млрд

6. Жер қыртысындағы ең ежелгі тау жынысының абсолюттік жасы

- A) 4,8 млрд
- B) 6,5 млрд
- C) 2,8 млрд
- D) 3,8 млрд

7. Жердің геологиялық уақыт аралықтарының ішіндегі ең үлкен уақыт аралығы

- A) эра
- B) эон
- C) дәуір
- D) қатпарлық

8. Жер ғаламшарының нақты айтсақ ондағы тіршіліктің даму кезеңдерін түсіндірудің бір тәсілі

- A) геохронологиялық кесте
- B) географиялық кесте
- C) физикалық кесте
- D) экологиялық кесте

9. Өте ежелгі тіршілік

- A) Палеозой
- B) Протерозой
- C) Архей
- D) Мезозой

10. Өте ертедегі қарапайым тіршілік

- A) архей
- B) протерозой

- C) палеозой
- D) мезозой

11. Жаңа кезең тіршілігі

- A) кайнозой
- B) архей
- C) мезозой
- D) протерозой

12. Орта кезең тіршілігі

- A) палеозой
- B) архей
- C) мезозой
- D) протерозой

13. Шымтезек, алтын, бағалы тастар қалыптасқан эра

- A) кайнозой
- B) палеозой
- C) протерозой
- D) мезозой

14. Алып бауырымен жорғалаушылардың жойылуы жүрген дәуір

- A) антропоген
- B) триас
- C) бор
- D) юра

15. Шөлді аумақтардың ұлғаюы жүрген дәуір

- A) триас
- B) девон
- C) силур
- D) ордовик

Батпақтанған аумақтардың ұлғаюы, алғашқы бауырымен жорғалаушылардың шығуы, қосмекенділердің қарқынды дамуы жүрген дәуір

- A) пермь
- B) девон

- C) ордовик
- D) таскөмір

17. Теңіз сулары аумағының қысқаруы. Құрлықта алғашқы омыртқасыз жануарлардың пайда болуы жүрген дәуір

- A) бор
- B) ордовик
- C) кембрий
- D) девон

18. Бактериялар мен балдырлардың қарқынды өсуі жүрген эра

- A) архей
- B) протерозой
- C) палеозой
- D) кайнозой

19. Ежелгі қатпарлықтардың жүруі, қуатты вулканизм жүрген эра

- A) архей
- B) палеозой
- C) протерозой
- D) кайнозой

20. Ордовик, силур дәуірлері атаулары қай елдің ежелгі тайпа атауымен аталған

- A) Ұлыбритания
- B) Франция
- C) Испания
- D) Италия

21. Геохронологиялық кестедегі қай дәуір «адам» деген мағынаны білдіреді

- A) силур
- B) ордовик
- C) девон
- D) антропоген

22. Жердің ішкі энергиясы мен қысым әсерінен жүретін қозғалыстар

- A) тектоникалық қозғалыс
- B) физикалық қозғалыс

- C) сыртқы қозғалыс
- D) айнымалы қозғалыс

23. Жер қыртысы дамуындағы ең ежелгі тау қатпарлығы

- A) каледон
- B) байкал
- C) антропоген
- D) альпі

24. Жер қыртысының архей мен протерозой эраларында қалыптасқан неғұрлым тұрақты құрылымдары

- A) жаңа платформа
- B) ежелгі платформа
- C) жас платформа
- D) тұрақты платформа

Байкал қатпарлығының құрылымдары мен олардың ерекшеліктері алғаш рет анықталған аймақ

- A) Байкал көлінің маңы
- B) Анд тауының маңы
- C) Аппалач тауының маңы
- D) Каспий теңізінің маңы

26. Палеозойдың силур, девон дәуірлерінде жүрген қатпарлық

- A) каледон
- B) герцин
- C) байкал
- D) альпі

27. Еуразиядағы аса ірі Альпі-Гималай геосинклинальдық белдеуінде орналасқан тау жүйелері көтерілген эра

- A) протерозой
- B) кайнозой
- C) архей
- D) палеозой

28. Неотектоникалық қозғалыстар қамтыған тау жүйелері

- A) Тянь-Шань,Алтай,Саян,Байкал
- B) Алтай,Анд,Қаратау
- C) САрыарқа,Тұран,Маңғыстау
- D) Мұғалжар,Тарбағатай,Нарын

29.Қазіргі кезде құрлық пен мұхит табандарында орналасқан сөнбеген жанартаулар саны

- A) 900-ден астам
- B) 700-ден астам
- C) 800-ден астам
- D) 600-ден астам

30.Мұзбасудың бірнеше рет қайталануы болған дәуір

- A) силур
- B) антропоген
- C) девон
- D) палеоген

|    |    |    |    |    |    |    |    |    |    |    |    |    |    |    |
|----|----|----|----|----|----|----|----|----|----|----|----|----|----|----|
| 1  | 2  | 3  | 4  | 5  | 6  | 7  | 8  | 9  | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 |
| A  | B  | A  | C  | B  | D  | B  | A  | C  | B  | A  | C  | A  | C  | A  |
| 16 | 17 | 18 | 19 | 20 | 21 | 22 | 23 | 24 | 25 | 26 | 27 | 28 | 29 | 30 |
| D  | B  | B  | A  | A  | D  | A  | B  | B  | A  | A  | B  | A  | C  | B  |

### **13-тақырып:Жер бедерінің адамзат тіршілігі мен шаруашылығына тигізетін әсері**

1.Адамның шаруашылық әрекеті әсерінен қалыптасқан немесе белгілі бір өзгеріске ұшыраған жер бедерінің жиынтығы

- A) антропогендік жер бедері
- B) өзгерген жер бедері
- C) химиялық жер бедері
- D) тектоникалық жер бедері

2.Антропогендік әрекеттердің әсері әсіресе инженерлік құрылыс сау,ауылшаруашылық,гидротехникалық және тау-кен игеру барысындағы қажеттіліктер үшін пайдаланылған аймақтарды В.И.Верндаский қалай атады

- A) ноосфера
- B) инженерия

- C) техногендік
- D) антропогендік

3.Пайдалы қазбалар өндіру кезінде пайда болған атыздар мен жыралар,өзен арналарын қолдан кеңейту және тереңдету,асфальт және бетон жолдар,жасанды аралдар,антропогендік террасалар жасау,карьер,шахта,катакомба қазу барысында өзгерген жер бедері

- A) тектоникалық
- B) техногендік
- C) физикалық
- D) химиялық

4.Пайдалы қазбаларды өндіру нәтижесінде Калифорния мен Мехико жерінде грунттың төмен түсу көрсеткіші

- A) 10м
- B) 8м
- C) 9м
- D) 15м

5.Пайдалы қазбаларды өндіру нәтижесінде Токиода грунттың төмен түсу көрсеткіші

- A) 8м
- B) 6м
- C) 5м
- D) 7м

6.Пайдалы қазбаларды өндіру нәтижесінде Мәскеуде грунттың төмен түсу көрсеткіші

- A) 1м
- B) 2м
- C) 3м
- D) 4м

7.Қарағанды қаласында жер астындағы көмір шахталары орнындағы зор кеңістіктер мен жер бетіне шығарылған бос жыныстарды үюден пайда болған жасанды төбелер

- A) бедлендтер
- B) террикондар

- C) жасанды құмдар
- D) съерралар

8.Террикондар ағаш отырғызу мен жасыл желекке бөлеу арқылы абаттандырылып жатқан қала

- A) Астана
- B) Қарағанды
- C) Жезқазған
- D) Алматы

9.Тауалды жазықтарын ұұрылыс мақстаныда есепсіз пайдалану,тау етектеріне салмақ түсіру жиі орын алып жатқан қала маңы

- A) Семей
- B) Өскемен
- C) Алматы
- D) Шымкент

10.Ауылшаруашылығында пайдаланатын жерлердің біразын істен шығарады да,өңдеуге жарамайтын аймақтарға айналдырады,жол құрылыстарын бұзады.Бұл құбылыс

- A) жыра эрозиясы
- B) жел эрозиясы
- C) күн эрозиясы
- D) террикон

11.Жер бедерінің өзгеруге тұрақтылық коэффициенті 100%-ға тең болса

- A) өзгеріске ұшырамаған
- B) жоғары деңгей
- C) орташа деңгей
- D) тұрақты деңгей

12.Жер бедерінің өзгеруге тұрақтылық коэффициенті 80-100 %-ға дейін болса

- A) өзгеріске ұшырамаған
- B) жоғары деңгей
- C) орташа деңгей
- D) әлсіз деңгейде тұрақты

13.Жер бедерінің өзгеруге тұрақтылық коэффициенті 50-80 %-ға дейін болса

- A) өзгеріске ұшырамаған
- B) жоғары деңгей
- C) орташа деңгей
- D) әлсіз деңгейде тұрақты

14. Жер бедерінің өзгеруге тұрақтылық коэффициенті 50 %-ды  $n-vty$  жкcf

- A) өзгеріске ұшырамаған
- B) жоғары деңгей
- C) орташа деңгей
- D) әлсіз деңгейде тұрақты

15. Жер бедерінің өзгеруге тұрақтылық коэффициенті нөлге жақын болса

- A) антропогендік жер бедері
- B) тектоникалық жер бедері
- C) өзгерген жер бедері
- D) химиялық жер бедері

|   |   |   |   |   |   |   |   |   |    |    |    |    |    |    |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|----|----|----|----|----|----|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 |
| A | A | B | C | D | A | B | B | C | A  | A  | B  | C  | D  | A  |

## Атмосфера

### 14-тақырып: Климат түзуші факторлар

1. Белгілі бір аумаққа тән ауа райының ұзақ жылдар бойы қайталанып отыратын жиынтығы

- A) климат
- B) ауа райы
- C) жауын-шашын
- D) атмосфера

2. Жердің пішініне байланысты күн сәулесінің түсу мөлшері экватордан полюстерге қарай

- A) азайады
- B) көбейеді
- C) өзгермейді
- D) тұрақты

3. Физикалық қасиеттері түрліше ауа массаларының түйісу аймағындағы өтпелі зона

- A) атмосфералық фронт
- B) гидросфералық фронт
- C) ауа райы зонасы
- D) климат түзуші факторлар

4. Жер бетінің күн сәулесін кері шағылдыруы

- A) альбе́до
- B) радиа́ция
- C) циркуля́ция
- D) фронт

5. Жаңа жауған қар күн радиациясының қанш апайызын шағылдырады

- A) 80%
- B) 90%
- C) 50%
- D) 60%

6. Құм күннің қанша пайызын кері қайтарады

- A) 55-60%
- B) 45-50%
- C) 35-40%
- D) 25-30%

7. Шағылу есебінен күн радиациясының қанша пайызы ғарыш кеңістігіне кері қайтады

- A) 15-30%
- B) 25-50%
- C) 35-40%
- D) 45-60%

8. Солтүстік жарты шар материктері үшін ең жылы ай

- A) шілде
- B) тамыз
- C) қаңтар
- D) ақпан

9. Солтүстік жарты шар материктері үшін ең суық ай

- A) шілде
- B) тамыз
- C) қаңтар
- D) ақпан

10. Материктердің климатына күшті ықпалын тигізетін жоғары қысымды орталықтар

- A) Азор, Гавай
- B) Исландия, Алеут
- C) Бискай, Киль
- D) Балтық, Солтүстік теңіз

11. Материктің климатына күшті ықпалын тигізетін төмен қысымды орталықтар

- A) Азор, Гавай
- B) Исландия, Алеут
- C) Бискай, Киль
- D) Балтық, Солтүстік теңіз

12. Солтүстік Америка мен Еуропа жағалауындағы климаттың жылы әрі ылғалды болуына әсер ететін ағыстар

- A) Гольфстрим, Солтүстік Атлант
- B) Батыс желдер мен Канар
- C) Перу мен Курошио
- D) Сомали мен Перу

|   |   |   |   |   |   |   |   |   |    |    |    |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|----|----|----|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 |
| A | A | A | A | B | C | A | A | B | A  | B  | A  |

### 15-тақырып: Атмосфераның ғаламдық циркуляциясы

1. Температуралық көрсеткіші, ылғалдану дәрежесі, қалыптасу ауданына сәйкес жинақталған біртектес ауа ағыны

- A) ауа массалары
- B) ауа көрсеткіштері
- C) фронттар
- D) климат

2. Теңіздік және континенттік деп жіктелмейтін ауа массасы

- A) экваторлық
- B) қоңыржай
- C) арктикалық
- D) тропиктік

3.Өрлеген ауа ағыны басым,қысымы жыл бойы тұрақты төмен болатын ауа массасы

- A) экваторлық
- B) қоңыржай
- C) арктикалық
- D) тропиктік

4.Төмендеген ауа ағыны басым,қысымы жыл бойы тұрақты жоғары болатын ауа массасы

- A) экваторлық
- B) қоңыржай
- C) арктикалық
- D) тропиктік

5.Жыл мезгілдеріне қарай температурасы,қысымы мен ылғалдану дәрежесі өзгеріп отыратын ауа массасы

- A) экваторлық
- B) қоңыржай
- C) арктикалық
- D) тропиктік

6.Мұхит үстінде қалыптасуына қарамастан,күрғақ болып келеді.Қысымы жыл бойы жоғары.Төмендеген ауа ағыны басым болатын ауа массасы

- A) экваторлық
- B) қоңыржай
- C) арктикалық
- D) тропиктік

7.Қысым көрсеткіштері бірдей нүктелерді қосатын сызықтар

- A) изобара
- B) изогията
- C) изотерма
- D) барометр

8.Қысым көрсеткіштері төмен орталықтар

- A) циркуляция
- B) қысымдық минимум немесе циклон
- C) қысымдық максимум немесе антициклон
- D) температура

9.Қысым көрсеткіші жоғары болатын тұйық изобаралар жүйесі

- A) циркуляция
- B) қысымдық минимум немесе циклон
- C) қысымдық максимум немесе антициклон
- D) температура

10.Жылы фронт кезінде жауын-шашын

- A) көбейеді
- B) азырақ түседі
- C) мүлдем түспейді
- D) тұрақты болады

11.Суық фронт кезінде жауын-шашын

- A) көбейеді
- B) азырақ түседі
- C) мүлдем түспейді
- D) тұрақты болады

12.Циклонға тән белгіні көрсетіңіз

- A) Орталығында қысым жоғары болатын ауаның құйынды қозғалысы басым болады
- B) Ауа-райы құбылмалы,бұлтты,жауын-шашынды болып келеді,қатты желдер соғады
- C) Ауа ағыны сағат тілімен бағыттас,жоғары қысымды орталықтан жан-жаққа қарай қозғалады
- D) Орталығында ауаның төмендеген ағыны басым болады

13.Антициклонға тән белгіні көрсетіңіз

- A) Орталығында қысым төмен болатын ауаның құйынды қозғалысы басым болады
- B) Ауа ағыны сағат тіліне қарама-қарсы бағытта,жан-жақтан төмен қысымды орталыққа қарай қозғалады

- C) Ауа райы тымық, жел соқпайды, тұрақты ашық, жақын-шашынсыз. Жазда-жылы, қыста-аязды болып келеді
- D) Орталығында ауаның өрлеген ағыны басым болады

14. Циклондардың ең апаттысы

- A) экваторлық циклондар
- B) тропиктік циклондар
- C) арктикалық циклондар
- D) қоңыржай циклондар

15. Атмосфералық қысымы жоғары болатын тропиктік ендіктерден қысымы төмен экваторға бағытталатын тұрақты желдер

- A) пассаттар
- B) батыс желдер
- C) муссондар
- D) цунами

16. Екі жартышардың 40-60 ендіктерінде басым болатын, негізінен мұхиттар үстінде айқын байқалатын, материктер үстінде өзгермелі сипат алатын желдер

- A) пассаттар
- B) муссондар
- C) батыс желдер
- D) цунами

17. Циклондар мен антициклондар неғұрлым тұрақты болатын және олар маусым бойынша күрт айырмашылық жасайтын аудандарда қалыптасатын желдер

- A) пассаттар
- B) муссондар
- C) батыс желдер
- D) цунами

18. Үнді мұхиты алабының тропиктік ендіктерінде жатқан үлкен кеңістіктерін қамтитын жел

- A) пассаттар
- B) муссондар
- C) батыс желдер
- D) цунами

19. Жел құрлықтан мұхитқа бағытталатын, ауа құрғақ болатын муссон

- A) жазғы
- B) көктемгі
- C) күзгі
- D) қысқы

20. Ауа мұхиттан материкке қарай қозғалатын, жаз жаңбырлы болатын муссон

- A) жазғы
- B) көктемгі
- C) күзгі
- D) қысқы

|   |   |   |   |   |   |   |   |   |    |    |    |    |    |    |    |    |    |    |    |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|----|----|----|----|----|----|----|----|----|----|----|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 | 18 | 19 | 20 |
| A | A | A | D | B | C | A | B | C | A  | B  | B  | C  | B  | A  | C  | B  | B  | D  | A  |

### 16-тақырып: Климаттық белдеулер

1. Жер шарын 13 климаттық белдеуге бөлген ғалым

- A) Б.П.Алисов
- B) Г.К.Тушинский
- C) В.Докучаев
- D) А.Гумбольдт

2. Қыста тропиктік, жазда экваторлық ауа массаларының ықпалында болатын белдеу

- A) субэкваторлық
- B) субтропиктік
- C) субарктикалық
- D) арктикалық

3. Жыл бойы төмен қысым мен экваторлық ауа массаларының ықпалында болатын, күн сәулесінің мол түсуіне байланысты ауа температурасы бүкіл жыл бойы жоғары әрі тұрақты сақталатын белдеу

- A) қоңыржай
- B) экваторлық
- C) тропиктік
- D) арктикалық

4.Өрлеген ауа қозғалысының басым болуы мен пассат желдері арқылы ылғалды мұхиттық ауаның тұрақты енуі нәтижесінде жыл бойы жауын-шашын мол түсетін климат қалай аталады

- A) гумидтік
- B) аридтік
- C) орографиялық
- D) жерортатеңіздік

5.Экваторға жағалас жатқан екі жартышардың шамамен 5 жіне 20 градус ендіктер аралығын алып жатқан белдеу

- A) субтропиктік
- B) қоңыржай
- C) субэкваторлық
- D) субарктикалық

6.Жыл бойы температураның төмен болуы және ылғалдың аз түсуі тән белдеу

- A) арктикалық
- B) қоңыржай
- C) тропиктік
- D) экваторлық

7.Жаздың ыстық,қыстың суық болуы,жауын-шашынның түсу мөлшерінің жыл мезгілдеріне байланыстылығы тән белдеу

- A) арктикалық
- B) қоңыржай
- C) тропиктік
- D) экваторлық

8.Жаздың қатты ыстық,қыстың жылы болуы,ылғалдың жыл бойы аз түсуі тән белдеу

- A) арктикалық
- B) қоңыржай
- C) тропиктік
- D) экваторлық

9.Жыл бойы ыстық және ылғалды болуы тән белдеу

- A) арктикалық
- B) қоңыржай
- C) тропиктік
- D) экваторлық

10. Жазда ауа массаларының температурасы өте жоғары, ал қыста салқынырақ сипатқа ауысатын климат

- A) гумидтік
- B) орографиялық
- C) ішкі тропиктік континенттік шөл немесе аридтік
- D) жерортатеңіздік

11. Жер шарындағы аса ірі континенттік шөлдер

- A) Сахара, Арабия, Калахари, Виктория
- B) Анд, Аконкагуа, Гималай, Кордильер
- C) Такламакан, Тар, Атакама, Гималай
- D) Чад, Ніл, Амазонка, Виктория, Тугела

12. Тұманды ауа райы өте жиі байқалатын, бриз желдері тұрақты соғатын климат

- A) тропиктік жағалық шөл
- B) тропиктік континенттік шөл
- C) гумидтік
- D) жерортатеңіздік

13. Жазы құрғақ, қысы ылғалды болатын батыс жағалық бөліктерге тән климат

- A) тропиктік жағалық шөл
- B) тропиктік континенттік шөл
- C) гумидтік
- D) жерортатеңіздік

14. Құрлық ішіне енген сайын континентті, шығыс жағалауда муссондық сипатқа ауысатын климат

- A) тропиктік жағалық шөл
- B) тропиктік континенттік шөл
- C) гумидтік
- D) жерортатеңіздік

15. Солтүстік жартышарда үлкен аумақты алып жатқан, температура белдеу ішінде батыстан шығысқа қарай жазда жоғарылап, қыста төмендейтін белдеу

- A) қоңыржай
- B) арктикалық
- C) тропиктік
- D) экваторлық

16. Еуразияның солтүстік-шығыс бөлігіндегі солтүстік жартышардың суықтық полюсі

- A) Оймякон -71С
- B) Восток -91,2С
- C) Якутск -58С
- D) Плато -86,2С

17. Екі жартышардың полюс маңын алып жатқан, мұз құрсауының болуы альбедо көрсеткішін жоғарылататын белдеу

- A) қоңыржай
- B) арктикалық
- C) тропиктік
- D) экваторлық

18. Жер шарының суықтық полюсі

- A) -71С
- B) -91,2С
- C) -58С
- D) -86,2С

|   |   |   |   |   |   |   |   |   |    |    |    |    |    |    |    |    |    |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|----|----|----|----|----|----|----|----|----|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 | 18 |
| A | A | B | A | C | A | B | C | D | C  | A  | A  | D  | D  | A  | A  | B  | B  |

### 17-тақырып: Материктердің климаттық ерекшеліктері

1. Еуразия материгінің ең енді бөлігі орналасқан белдеулер

- A) қоңыржай және субтропиктік
- B) экваторлық және арктикалық
- C) тропиктік және субарктикалық
- D) экваторлық және субэкваторлық

2. Солтүстік Америка материгінде кездеспейтін климаттық белдеу

- A) экваторлық
- B) қоңыржай
- C) тропиктік
- D) арктикалық

3.Еуразия материгінің батыстан шығысқа қарай ендік бағытта ауа циркуляциясының басым болуына әсер ететін желдер

- A) батыс желдер
- B) пассаттар
- C) муссондар
- D) бриздер

4.Солтүстік Америка материгінің орталық бөлігінің жер бедері қандай

- A) таулы
- B) жазық
- C) қыратты
- D) шөлді

5.Гудзон шығанағына қай шығанақтан келген ылғалды тропиктік ауа массалары қыс кезінде күннің кенет жылынып кетуіне әсер етеді

- A) Бискай
- B) Аляска
- C) Мексика
- D) Панама

6.Солтүстік Америка материгінде қыс кезінде циклондық әрекет тұрақты сақталуына және жиі қайталануына әсер ететін жылы ағыс

- A) батыс желдер
